



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

2023 ж. 04.12

Павлодар қаласы

№ 1-05/137/1

город Павлодар

### «Павлодар қаласының №126 сәбилер бақшасы – Эстетикалық даму орталығы» КМҚК өзін-өзі бағалауды өткізу туралы

Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының 5-бабының 9) тармақшасына, 59-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 "Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы" бұйрығына, 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 білім беру ұйымдарын Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Павлодар облысының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаменті» ММ 2023 жылғы 09 қарашадағы №346 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 05 желтоқсанда «Павлодар қаласының №126 сәбилер бақшасында» өзін-өзі бағалау тақырыбында» жоспардан тыс педагогикалық кеңес өткізілсін.

2. 2023 жылғы 05 желтоқсаннан 2023 жылғы 05 қаңтарға дейін Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауы өткізілсін.

3. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту:

Комиссия төрағасы: О.А.Рысай сәбилер бақшасының басшысы;

Комиссия мүшелері: Н.М. Абишева – әдіскер;

К.С. Нарижных – әдіскер;

К.Ш. Аукешева – медбике;

И.А. Алишева – есепші.

4. Комиссия хатшысы Ж.Е. Жергасинова болып тағайындалсын.

5. Комиссия білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне және білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізісін.

6. Комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есептерді дайындасын:

Н.М. Абишева оқыту және оқу, МЖМБС орындау, тәрбиеленушілердің жетістіктерін бақылау, пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаны құру;

К.С. Нарижных педагогикалық кадрлардың сапалы құрамы және жетістіктерінің мониторингі, мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және ООР бар балаларды психологиялық- педагогикалық колдау, ата-аналардың сауалнамасын талдау;

К.Ш. Аукешева мектепке дейінгі ұйымдарда сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, сабаққа қатысу мен сырқаттанушылықты тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; талдау,

И.А. Алишева материалдық-техникалық база, негізгі құралдарды сатып алу.

7. Комиссия білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы 2024 жылғы 05 қаңтарда қорытындыласын.

8. 2024 жылғы 05 қаңтарда білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін.

9. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындысына құжаттарды дайындау үшін жауапкершілік әдіскер Н.М. Абишеваға, К.С. Нарижных және хатшы Ж.Е. Жергасиноваға жүктелсін.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме калдырамын.



Басшы

О.А. Рысай

Бұйрықпен таныстырылды:

Абишева Н.М. *Абишева*

Нарижных К.С. *Нарижных*

Аукешева К.Ш. *Аукешева*

Алишева И.А. *Алишева*

Жергасинова Ж.Е. *Жергасинова*